

## Төлеби ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 23/132-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 қаңтарда № 31603 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 8/44-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 8/44-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Төлеби аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері-болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н. Койбағаров*